

Спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 534 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 8 желтоқсанда № 4407 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 583 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 583 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағының 20-5) тармақшасына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысының спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Алматы облысы аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5) осы қаулыны мемлекеттік тіркеуден кейін осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді он жұмыс күні ішінде "Алматы облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне ұсынуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Мұқашұлы Омарға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А. Баталов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
мәдениет және спорт министрі

_____ А. Мұхамедиұлы

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы "
29" қараша № 534 қаулысына қосымша

Алматы облысының спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

Топтар атауы	№	Олимпиадалық емес спорт түрінің атауы	Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрінің атауы	Қ ы с қ ы олимпиадалық спорт түрінің атауы	Паралимпиадалық спорт түрінің атауы	Ұлттық спорт түрінің атауы
" А " тобы	1	Қол күресі	Баскетбол	Биатлон	Жеңіл атлетика (көз сырқаты)	Жекпе-жек
	2	Джиу-джитсу	Бокс	Мәнерлеп сырғанау	Жеңіл атлетика (ТҚАЗ)	Қазақ күресі
	3	Сурдо жеңіл атлетика	Еркін күрес (ерлер, әйелдер)	Шаңғы жарысы	Жүзу (көз сырқаты)	Көкпар
	4	Муайтай бокс	Тректегі велосипед спорты	Шаңғымен коссайыс	Жүзу (ТҚАЗ)	Тоғызқұмалақ
	5	Сурдо үстел теннисі	Тасжолдағы велосипед спорты		Үстел теннисі	
	6	Пауэрлифтинг	Волейбол		Оқ ату	
	7	Сурдо жүзу	Грек-рим күресі		Садақ ату	
	8	Қоян қолтық ұрысы	Дзюдо		Пауэрлифтинг	
	9	Самбо	Каратэ-до		Отырып ойнау волейболы	
	10	Ушу, ушу саньда, таолу	Жеңіл атлетика		Тұрып ойнау волейболы	
	11	Сурдо футбол	Желкенді спорт		Таеквондо	
	12	Сурдо шахмат	Жүзу		Голбол	
	13		Регби		Шаңғы жарысы	
	14		Садақ ату		Қол күресі	
	15		Таеквондо		Дзюдо	
	16		Ауыр атлетика		Арба биі	
	17		Көгалдағы хоккей			
	1	Белбеу күресі	Маунтинбайк – велосипед спорты	Керлинг		Құсбегілік
	2	Кекушинкай каратэ	Қол добы	Шорт-трек		

" В " тобы	3	Панкратион и Грэплинг	Спорттық гимнастика		
	4	Шинкиокушинкай каратэ	Байдарка және каноэда есу		
	5		Үстел теннисі		
	6		Теннис		
	7		Футбол		
" С " тобы	1	Бильярд	Бадминтон	Конькимен жүгіру спорты	Бәйге
	2	Әскери-қолданбалы спорт түрлері	Велокросс – велосипед спорты	Шаңғымен трамплиннен секіру	Асық ату
	3	Гір спорты	BMX – велосипед спорты	Сноуборд	Аударыспак
	4	Кикбоксинг	К ө р к е м гимнастика	Фристацл (акробатика, могул, ски-кросс)	Бес тас
	5	Киокушинкай-кан каратэ	Гольф	Хоккей шабымен	Жамбы ату
	6	Шаңғымен бағдар табу	Атты үшсайыс		Қыз куу
	7	Парапланерлы спорт	Ашық судан жүзу		Тенге ілу
	8	Президенттік көпсайыс	Жағажай волейболы		Хан дейбы
	9	ММА аралас жауынгерлік жекпе жек	Суға секіру		
	10	Спорттық туризм	Қазіргі бессайыс		
	11	Би спорты	Құзға өрмелеу		
	12	Шахмат	Оқпен ату		
	13		Стендтік ату		
	14		Триатлон		
	15		Семсерлесу		

**** аббревиатуралардың түсіндірмесі:**

Сурдо – Сурдолимпиадалық спорт түрлері

ММА - Mixed Martial Arts (Миксд Мартиал Артс)

ТҚҚАЗ – трек-қимыл қозғалыс аппараттары зақымдалған

BMX – Bicycle Moto eXtreme (Bicycle – велосипед, Moto – мото, eXtreme – экстрим)